Шағым жасалады:
Ақтау қалалық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі
471010000, 130000, Казахстан,
ж. Актау, көш. МИКРОРАЙОН 4, үй 72, ресм.

Маңғыстау облысының прокуратурасына
(қадағалау үшін)

Шағым беруші:
«SAPSAN» стратегиялық орталығы» ЖММ
Астана қаласы, Бөгенбай батыр даңғ., 56-207
байл.: 87012418748

МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК ТАПСЫРЫС НЕГІЗІНДЕ ЛОТ № 85619478-ГС31 ҚАТЫСТЫ КОМИССИЯ ШЕШІМІНЕ ҚАТЫСТЫ ШАҒЫМ

Сатып алу қызметінің аты: Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер

Қысқаша сипаттамасы: Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру аясындағы "Отбасылық құндылықтар туралы мультсериал"

Шағым Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес жазылды (*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 9 қазанда № 35238 болып тіркелген*).

Аталған сатып алу бойынша төмендегі әлеуетті өнім берушілер негізсіз конкурсқа жіберілген, олар:

1	"Маңғыстау" жергілікті бастама орталығы" Қ-р
2	"Тәлімгер" жастар қоғамдық бірлестігі
3	"Қызық орда" шығармашылық тобы" қоғамдық қоры
4	"Қазақстан жастар фракциясы" қоғамдық қоры
5	"JAS QADAM" Қоғамдық Қоры

Ескерту: Шағым беруші тарап жоғарыда аталған 5 әлеуетті өнім берушіге ғана наразылық білдіреді. Қалған Ұйымға қатысты қайта қарауды талап етпейді.

Аталған ұйымдар Қағиданың 21-қосымшасына сәйкес дұрыс бағаланбаған. 21 – қосымшаға сәйкес барлық аталған жоғарыдағы әлеуетті өнім берушілер конкурстан шеттетілуі керек.

(төменде скрин - **21-қосымша талаптары**, осы талаптар негізінде заңды бағалау жүргізу керек, қараңыз)

Конкурстық құжаттамаға
21-қосымша

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау өлшемшарттары

№	Бағалау өлшемшарттары	Балл	Баллдарды таратып жазу
1	Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның келесі бөлімдерді қоса алғанда, Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі: Мәселенің сипаттамасы (зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау арқылы анықталған объективті деректермен негізделген); Жобаның мақсаттары мен міндеттері; Жобаны іске асыру әдістері; Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары (іс-шаралардың атауы мен нысандары, өткізу орны мен мерзімдері); Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық сүйемелдеу; Күтілетін нәтижелер (жобаны іске асыру процесінде қол жеткізілетін оң өзгерістер, әлеуметтік әсер); Сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс индикаторларының, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелердің болуы.	0	ұсынылатын әлеуетті өнім берушінің жобасы Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің бөлімдерінің барлық талаптарын қамтымайды (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді)
		6	ұсынылатын әлеуетті өнім берушінің жобасы Тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасы бөлімдерінің барлық талаптарын қамтиды

1. "Маңғыстау" жергілікті бастама орталығы" Қ-р ұйымына қатысты:

21 – қосымшаға сәйкес ұсынған құжатында Мәселенің сипаттамасы, зерттеу, статистикалық ақпарат және аналитикалық ақпаратты талдау арқылы анықталған объективті деректермен негізделген ақпаратты ұсынбаған. Сонымен қатар, қысқа мерзімді нәтижелер ұсынбаған. Сонымен қоса, ұзақ мерзімді нәтижелер ұсынбаған.

Заңдық негіздеме: Аталған ұйым 21 қосымшадағы бағалау өлшемшартының 1-ші бөлігі бойынша сәйкес келмеуіне байланысты «0» балл қойылу керек.

Жоғарыдағы дәйектемелерді негізге ала отыра, аталған ұйымды Қағиданың 460 тармағының 1 тармақшасына сәйкес саралай келе, Қағиданың 461 тармағы негізінде конкурсқа қатысудан шеттету керек.

2. "Тәлімгер" жастар қоғамдық бірлестігі ұйымына қатысты:

Аталған ұйым «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында» болуы туралы мәліметті растайтын құжатты ұсынбаған. Қағидада анық жазылған, Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурстық құжаттарды ғана қарай алады. Одан бөлек жанама қолдаумен ұсынылмаған құжатты оң бағалау дұрыс емес.

Қағида 465 тармақ. Әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 460-тармағында көзделген әлшемшарттарды растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, конкурстық комиссия олардың техникалық ерекшеліктерін бағалау үшін тиісті баллдарды есептемейді.

Аталған әлеуетті өнім беруші бұған қатысты растайтын ешбір құжаттарды ұсынбаған. Сәйкесінше тиісті бөлімде «0» балл алудың орнына, негізсіз жоғары балл қойылған.

465-тармаққа сәйкес, әлеуетті жеткізушілер «ҮЕҰ дерекқорында» өздері туралы мәліметтердің бар екенін растайтын **құжаттарды ұсынуға міндетті**. Өйткені мұндай құжаттар әлеуетті өнім берушілер тарапынан ұсынылмаған жағдайда конкурстық комиссия **460-тармақтың 3) тармақшасында** көзделген критерий бойынша **тиісті «0» балды беру керек**

Назар аудару үшін конкурстық комиссияға

465-тармақ. Егер әлеуетті жеткізуші осы Қағидалардың 460-тармағында көзделген критерийлерді растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, конкурстық комиссия олардың техникалық ерекшеліктерін бағалау үшін **тиісті балдарды есептемейді**.

460 тармақ. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін мынадай әлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салалар сәйкестігі;

3) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер;

4) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі;

6) жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі.

Осы тармақтың 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көзделген әлшемшарттар бойынша баллдарды есептеу конкурстық құжаттамаға **21-қосымшаға** сәйкес есептеледі.

Қағида 458. «...Конкурстық комиссия өтінімдерді олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды». Комиссия тек қана әлеуетті өнім беруші **ұсынған конкурстық құжаттамалары шегінде** (Қағида: 204-3 қараңыз) ғана шешім қабылдай алады. Ал сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімге қатысты бағалау өлшемшарты бойынша балл жинау әлеуетін арттыру бойынша **дербес, өз бетінше анықтау немесе толықтыруға ықпал ететін қосымша шараларын** қабылдауы заңсыз, керісінше ұйымды жанама қолдау болып табылады. Қағидада ондай құзырет комиссияға, хатшыға берілмеген. Бұл сатып алу заңдылығының ашықтығы мен теңдігіне кері әсер етеді. Сонымен қоса, «ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы заңның» принциптеріне де қайшы келеді.

Ал Қағида 462. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп таниды – делінген.

Қағида 204-4) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін және (немесе) сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды.

Конкурсқа қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты сұрау салуды және конкурстық комиссияның өзге де әрекеттерін жіберуге жол берілмейді.

Керісінше қай кезде сұрату жасауға болатыны Қағиданың 205. Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық не тарату рәсіміне қатысы жоқ бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкестігін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия банкроттық не тарату рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған ақпаратты қарайды. Деп жазылған.

Заңдық негіздеме: Аталған ұйым 21 қосымшадағы бағалау өлшемшартының 3-ші бөлігі бойынша сәйкес келмеуіне байланысты «0» балл қойылу керек.

Жоғарыдағы дәйектемелерді негізге ала отыра, аталған ұйымды Қағиданың 460 тармағының 1 тармақшасына сәйкес саралай келе, Қағиданың 461 тармағы негізінде конкурсқа қатысудан шеттету керек.

3. "Қызық орда" шығармашылық тобы" қоғамдық қорына қатысты

Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер ұсынылмаған. 2024 жыл үшін ұсынуы керек еді. Алайда 2025 жыл үшін есеп тапсырған секілді, оның өзі статусы нақты бағалауға келмейді: «обработка». Ол есеп тапсырылды деген ақпарат емес. Бар болғаны айналым, өндірісте. Нәтижесі белгісіз, бас тартылуы да мүмкін. Ал 21 қосымшадағы бағалауда статустар нақты жазылған: Мәселен:

0 балл	әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" қамтылмаған (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді)
1 балл	әлеуетті өнім беруші мәліметтерді "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына" уақтылы ұсынбаған
2 балл	әлеуетті өнім беруші мәліметтерді "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына" уақтылы ұсынды

Қағида 458. «...Конкурстық комиссия өтінімдерді олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды». Комиссия тек қана әлеуетті өнім беруші **ұсынған конкурстық құжаттамалары шегінде** (Қағида: 204-3 қараңыз) ғана шешім қабылдай алады. Ал сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімге қатысты бағалау өлшемшарты бойынша жоғары балл жинау әлеуетін арттыруға жол берілмейді.

Заңдық негіздеме: Аталған ұйым 21 қосымшадағы бағалау өлшемшартының 3-ші бөлігі бойынша сәйкес келмеуіне байланысты «0» балл қойылу керек.

Жоғарыдағы дәйектемелерді негізге ала отыра, аталған ұйымды Қағиданың 460 тармағының 1 тармақшасына сәйкес саралай келе, Қағиданың 461 тармағы негізінде конкурсқа қатысудан шеттету керек.

4. "Қазақстан жастар фракциясы" қоғамдық қоры

Аталған ұйымды 21-қосымшаға сәйкес бағалан кезде дұрыс емес, сәйкес емес ақпарат ұсынған. Мәселенің сипаттамасы, зерттеу, **статистикалық ақпарат** және аналитикалық

ақпаратты талдау арқылы **анықталған объективті деректермен** негізделген ақпаратты ұсынбаған.
Әлеуетті ұйым мынаны ұсынған:
«Город Актау является административным центром Мангистауской области с численностью населения порядка **220–240 тыс. человек**, при этом общая численность населения области превышает **770–800 тыс. человек**.».
Алайда статистикалық ресми дерек бойынша облыс халық саны: 820,8 мың адам 1 ақпан 2026 бойынша https://stat.gov.kz/region/mangystau/. Ал Ақтау халық саны бойынша дұрыс емес ақпарат ұсынған. Қала басшысының ресми дерегіне сәйкес 2025 жылдың 1 желтоқсанының өзінде қала халық саны: 303 752 құраған. https://www.instagram.com/p/DR4HD4_DCBD/ , https://www.facebook.com/AktauPress/posts/ақтау-қаласының-халық-саны-300-мыңнан-асты-қазіргі-таңда-қала-халқының-саны-303-/1179699847684134/
Әлеуетті өнім берушінің қате сан берумен алға қойған мақсатқа толық жету қызметі дұрыс емес деп бағаланады. 60 мыңнан астам айырмашылық аз адам саны емес!

Қағида 458. «...өтінімдерді олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды». 462. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп таниды.

Аталған ұйым «қағида 460. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі;» – бұл жерде аталған ұйым сәйкес емес ақпарат ұсынылды деп бағаланады.

Заңдық негіздеме: Аталған ұйым 21 қосымшадағы бағалау өлшемшартының 1-ші бөлігі бойынша сәйкес келмеуіне байланысты «0» балл қойылу керек.

Жоғарыдағы дәйектемелерді негізге ала отыра, аталған ұйымды Қағиданың 460 тармағының 1 тармақшасына сәйкес саралай келе, Қағиданың 461 тармағы негізінде конкурсқа қатысудан шеттету керек.

5. "JAS QADAM" Қоғамдық Қорына қатысты

Аталған ұйым 21 қосымшаның 1 бөлігіне қатысты мүлдем ақпарат ұсынбаған.

Заңдық негіздеме: Аталған ұйым 21 қосымшадағы бағалау өлшемшартының 1-ші бөлігі бойынша сәйкес келмеуіне байланысты «0» балл қойылу керек.

Жоғарыдағы дәйектемелерді негізге ала отыра, аталған ұйымды Қағиданың 460 тармағының 1 тармақшасына сәйкес саралай келе, Қағиданың 461 тармағы негізінде конкурсқа қатысудан шеттету керек.

«SAPSAN» стратегиялық орталығының»
директоры, заңгер ***Ж.Сулейменов***

(Шағым заңдық негізде қанағаттандырылмаса Республикалық инстанцияларға бақылауды күшейту туралы арыз беру құқығын Ұйым өзіне қалдырады)